

I МОДУЛЬ. XIX ғ. соңы XX ғ. 30 ж. Оңтүстік өңірдегі әлеуметтік-экономикалық модернизация және саяси-құғын сүргін тарихы

1. №1 Семинар сабағының тақырыбы. Оңтүстік өңірдегі әлеуметтік-экономикалық модернизация.

2. Сабақтың мазмұны:

1. Саяси құғын-сүргін тарихына жалпы шолу.
2. Саяси құғын-сүргін тарихының тарихнамасы және дереккөздері.
3. Саяси құғын-сүргінге ұшыраған халық зиялыларының ақталуына байланысты ғылыми еңбектер.

3. Сабақтың мақсаты мен міндеттері: Саяси құғын-сүргін тарихына жалпы шолу жасай отырып, дерекнамалық және тарихнамалық тұрғыдан жан-жақты қарастырады. Зерттеуге қажетті деректерді, әдебиеттерді іздестіру, фактілерді жинақтау, тарихы материалды ауызша және жазбаша жеткізе білу Магистранттардың танымдық білімі мен білігін дамыту.

4. Техникалық және инструментальдық құралдары: интерактивті тақта, плакаттар, проектор сызба-кестелер.

5. Сабақтарды өткізу тәртібі. Кеңестік билік жергілікті тұрғындардың ұлттық ерекшеліктері мен мүдделерін қорғаушыларға, ұлттық автономия құру идеясын қолдаушыларға «тап жаулары», «ұлтшылдар», «жат пікірдегілер», «әлеуметтік қауіпті элементтер» деген жала жауып, халықтың да оларға деген теріс көзқарастарын қалыптастыруға жағдай жасады. Халықтың қамын жеген ұлт қайраткерлерінен сескенген тоталитарлық билік өкілдері тығырықтан шығар жолды іздеді. 1925 жылы қыркүйекте Қазақстанға басшылық қызметке Ф.И.Голощекиннің келуі елде орын алып отырған жағдайды одан бетер ушықтырды. Ол Қазақстанды кеңестік өзгерістерден тыс қалған деп санап, онда «Кіші Қазан» төңкерісін жүргізу саясатын ұстанды. Оның жүргізген саясаты ұлт зиялыларын жаппай құғындауға ұласты. Голощекин өзіне қарсы шыққандарды қызметтерінен алып, республикадан қуды, олардың көзін жоюды қолға алды.

Қазақ тарихының көмескі жазылып, көптеген жайттардан қалың оқырман мақұрым қалып келген мәселе - бұдан жарты ғасыр бұрын саяси құғын-сүргін зардабын шеккен азаматтар туралы «ақтаңдақтар» және «қаратаңдақтар». Сол кез оқиғасына көңіл аударар болсақ, зобалаң құрығы ең әуелі Алаш қозғалысының көсемдеріне салынғанын аңғарамыз. Әлімхан Бөкейхановтан басқалары түгелге жуық тұтқындалды. Табаны күректей Алаштың 44 азаматы Кеңес өкіметін құлату мақсатын көздеген контрреволюциялық ұйым айыбымен сотталды. Өздерін азаптаумен шектелмей, уған-туыстарына тиісті. Түрік әлемі мойындаған Мағжан Жұмабаевтың әкесі Бекен бабамыз Сібірге жер аударылар алдында қайтыс болса, ағалары Аба-Мүсілім мен Қаһарман сталиндік лагерьде айдауда жүріп

опат болды. інілері Сәлімжан, Қалижан, Мұхамеджан соңғы демі таусылғанша қуғын-сүргіннің қасіретін шекті. Халқының біртуар перзенті Мағжан Жұмабаевтың өз басына «Алқа» атты жасырын ұйым құрды деген айып тағылып, 1929ж ұсталды. 1930ж 4 сәуірдегі сот шешімімен ату жазасына кесілді. Рухани әлеміміздегі Абайдан кейінгі ұлы тұлға ретінде Мағжан ұрпағына мол мұра қалдырды.

Қуғын-сүргіннің легінде әдебиетімізді өрге сүйреген ұлы дарындар С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жүнсүгіров, Ғ.Тоқжанов, т.б. тұтқындалды. 1997ж бір ғасырлық тойы әлем көлемінде атап өтілген ғұлама жазушы, академик Мұхтар Әуезов «Әдебиет тарихы» оқулығында «Зар заман ақындары» айдарымен «Ер Сайын», «Едіге», «Шора батыр» жырларын енгізгені үшін сыналды. «Хан Кене» атты пьесасы бір қойылымнан кейін «көп кемшіліктері болған соң» кінәсімен түсіп қалды. Ұлттық рұхтағы тарихи тұлға дәрежесіне көтерілген жазушының жазыға тартылмай қалуы да мүмкін емес – ті, Алашордадағы қызметі үшін айыпталып, 1930 ж. Ташкент шаһарында қамауға алынды.

Тоталитарлық жүйе жандайшаптары ұлттық мүддеге қызмет етудің тарихи ұлы үлгілерін көрсеткен хан, би, қажылардың атын халық жадынан аластауға да аласұрып кірісті. Еуропалық өркениет үлгілерін ел өміріне енгізу мақсатымен құтты қоныс Нарын құмының жиегінен сәклетті қала салғызған Жәңгір хан есімін елі ұмытсын деп 1926ж шаһар атынан айырды, 23 бөлмелі хан сарайын қираттырды. Хан қаласы атағы жойылып, Орда ауылы болып қалды. Тарих картасынан орда атауы аластатылды. Арқалы ақын Шәңгерей Бөкеев: «Ай маңдайлы ақ мешіт, алпыс бөлме, отыз есік» деп бейнелеген дін ошағы ойрандалды. Хан аштырған (1841ж) мектепке 1936ж М.Горький есімі берілді. Сондай-ақ, Стамбул медресесін тамамдап, Маңғыстауда мешіт ұстаған (1931ж дейін) Оразмұханбет Тұрмағамбетұлы қудаланып, Иранға кетуге мәжбүр болды. Алайда оған да місе тұтпаған ОГПУ қызметкерлері Оразмұханбетті 1937ж Ираннан астыртын ұрлатып алып келіп, Алаш партиясының белсендісі Мұстафа Шоқайұлының сыбайласы айыбымен аттырды.

6. Деңгейлік тапсырмалар:

1. Саяси қуғын-сүргіннің тарихнамасы мен дереккөздерді анықтаңыз?
2. Саяси қуғын-сүргін туралы ғылыми еңбектерді атаңыз?

7. МӨЖ және ОБМӨЖ тапсырмалары: Саяси қуғын-сүргін тарихының зерттелу деңгейі.

8. Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы. Тарихи оқиғаларды ұлттық мүдде тұрғысынан бағалау: Оқу құралы.- Алматы: «Білім» баспасы, 2006. – 224 бет.
2. Омарбеков Т. Зобалаң. Алматы, 1994.
3. Хасанов Қ. Ақтаңдақта атылған азаматтар. Орал, 1996.

4. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998
5. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. – Алматы: «Атамұра», 2010, 752 бет, суретті, карталы.
6. Жораева Г.Т. Алаш зиялыларының тарихы мен тағдыры (XIX ғасырдың соңы - XX ғасырдың I жартысы): Оқу құралы. - Шымкент: «Нұрлы Бейне» баспасы, 2024. -180 бет.